

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
2023 ж. «22» 11
№ 187 бұйрығымен
бекітілді

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың
2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары**

№ р/с	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1. ҚМГ қызметкерлерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру				
1.1.	Барлық қызметкерлерді «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша тестілеу	Тестілеу нәтижелері («ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша B1 деңгейінде мемлекеттік тілді меңгерген ҚМГ қызметкерлерінің үлесі 2023 ж. – 37 %, 2024 ж. – 38 %, 2025 ж. – 39 %, 2026 ж. – 40%, 2027 ж. – 41 %, 2028 ж. – 42%, 2029 ж. – 43 %)	Жыл сайын	АРБД, барлық құрылымдық бөлімшелер
1.2.	ҚМГ барлық қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына және бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеуге өтінімдерге лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті деңгейде мемлекеттік тілді білуге қойылатын міндетті талаптарды енгізу	Өзектендірілген лауазымдық нұсқаулықтар	2024 жыл	АРБД, барлық құрылымдық бөлімшелер
1.3.	Мемлекеттік тілде іскерлік қарым-қатынас дағдыларын және мемлекеттік тілде құжаттарды әзірлеу дағдыларын дамыту бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ қазақ тілін өз бетінше үйрену үшін soyle.kz веб-сервисін пайдаланып курстар ұйымдастыру	Тіл курстары, семинарлар және тренингтер	Жыл сайын	АРБД, барлық құрылымдық бөлімшелер
1.4.	ҚМГ корпоративтік порталында soyle.kz веб-сервисіне сілтеме орналастыру		2024 жылдың I-тоқсаны	ЦДД
1.5.	ҚМГ сөздік-анықтамалығын жаңарту және ҚМГ корпоративтік порталында орналастыру	Порталдағы жаңартылған сөздік-анықтамалық	Жыл сайын I-тоқсанда	ҚҚБ

2. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту				
2.1.	Көрнекі ақпараттың мемлекеттік тілде дұрыс жазылуын қамтамасыз ету (<i>маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, прейскуранттар, баға белгілері, басқа да көрнекі ақпарат, бланкілер</i>)		Ұдайы	ӘЖБ және барлық құрылымдық бөлімшелер
2.2.	Құрылымдық бөлімшелер мен ЕТҰ-дың тіл заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі мақсатында оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әдістемелік көмек көрсету	Құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және ЕТҰ басшылығына нақты нәтижелерін көрсете отырып анықтама	Екі жылда бір рет	ҚҚБ
2.3.	Құжаттардың барлық түрлерін (<i>шығыс хаттары, ішкі құжаттар (шарттар, қағидалар, ережелер, жұмыс нұсқаулықтары, ДК, Басқарма, аппараттық және жұмыс кеңестерінің хаттамалары, қызметтік жазбалар және т. б.)</i> қажет болған кезде орыс және ағылшын тілдеріне аудармаларын қоса бере отырып, мемлекеттік тілде дайындауды қамтамасыз ету	Мемлекеттік және орыс тілдерінде бекітілген және қол қойылған құжаттар	Ұдайы	Барлық құрылымдық бөлімшелер
2.4.	Қызметкерлердің құжаттарды өз бетімен әзірлеуін қамтамасыз ету: <i>2023 жылдан бастап – ЕТҰ-ға, басқа ұйымдарға хаттар, қызметтік жазбалар;</i> <i>2024 жылдан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ-қа хаттардың көшірмелері (Басқарма төрағасы қол қоятын хаттарды қоспағанда);</i> <i>2025 жылдан бастап – мемлекеттік органдарға хаттардың жобалары, бұйрықтардың жобалары;</i> <i>2026 жылдан бастап – Басқарма мен Директорлар кеңесіне және ДК жанындағы Комитеттерге арналған шешімдердің жобалары мен түсіндірме жазбалар;</i> <i>2027 жылдан бастап – барлық мәмілелердің жобалары;</i> <i>2028 жылдан бастап – қағидалардың, жұмыс нұсқаулықтарының, ережелердің және т.б. жобалары;</i> <i>2029 жылдан бастап – барлық құжаттардың жобалары.</i>	Мемлекеттік тілде бекітілген және қол қойылған құжаттар	Кестеге сәйкес	Барлық құрылымдық бөлімшелер
2.5.	Құрылымдық бөлімшелерде және ЕТҰ-да жалпы құжат айналымында мемлекеттік тілде іс жүргізудің үлес көлеміне мониторинг жүргізу	ҚМГ-дегі мемлекеттік тілдегі құжат айналымының үлесі (<i>2023 ж. – 91 %, 2024 ж. – 91,5</i>	Тоқсан сайын	ҚҚБ

		%, 2025 жс. – 92 %, 2026 г. – 92,5 %, 2027 жс. – 93 %, 2028жс. – 93,5 %, 2029 жс. – 94%)		
2.6.	Кадрлық іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу	Барлық өтініштер мен басқа да құжаттардың түрлерін мемлекеттік тілде қабылдау	Ұдайы	АРБД
2.7.	Халықаралық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету: - шетелдік әріптестермен мемлекеттік және тараптар үшін қолайлы тілде мәмілелер жасасу, контрагенттердің қазақ тіліндегі нұсқаларға міндетті түрде қол қоюын бақылау; - шетелдік әріптестермен мемлекеттік және тараптар үшін қолайлы тілде хат алмасу.	Мемлекеттік және тараптар үшін қолайлы тілде қол қойылған құжаттар	Ұдайы	Барлық құрылымдық бөлімшелер
2.8.	Жұмыс кеңестерін, консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарын, ресми іс-шаралар мен кездесулерді және басқа да іс-шараларды, оның ішінде шетелдік әріптестердің қатысуымен өткізу кезінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету.	Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі хаттамалар, тезистер	Ұдайы	Барлық басшы қызметкерлер және барлық құрылымдық бөлімшелер
2.9.	Бұқаралық мәдени, спорттық, корпоративтік және өзге де қоғамдық іс-шараларды өткізу кезінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету.		Ұдайы	АРБД баспасөз қызметі, барлық құрылымдық бөлімшелер
2.10.	ҚМГ корпоративтік порталында «Atau.kz» ономастикалық базасы, «Emle.kz» орфографиялық базасы, «Tepmincom.kz» базасы (бекітілген терминдер), «Qijat.kz» интернет-ресурстарына сілтемелерді орналастыруды қамтамасыз ету	Корпоративтік порталға орналастырылған сілтемелер	2024 жылдың 1-тоқсаны	ЦДД
3. Мемлекеттік тілді насихаттау				
3.1.	«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңдарына сәйкес ҚМГ және ЕТҰ ресми веб-сайтын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізу.		Ұдайы	Баспасөз қызметі, ЕТҰ жетекшілері

3.2.	Мемлекеттік тілдің беделін арттыруға, қолдану аясын кеңейтуге (фестивальдар, кездесулер, акциялар және т.б.), тіл мәдениетін жетілдіруге байланысты іс-шараларды ұйымдастыру (тілдер туралы астарлы әңгімелер, мақал-мәтелдер, сөздердің фразеологиялық тіркестері, аңызға айналған адамдардың өсиеттері және т.б.). Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынұлы және басқа да көрнекті қазақ ақындары мен жазушыларының шығармашылығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.	Өткізілген іс-шара	2023-2029 жж. маусым, желтоқсан (жыл сайын)	АРБД, ҚҚБ, баспасөз қызметі, барлық құрылымдық бөлімшелер
4. Есеп беру				
4.1.	ЕТҰ-ға мемлекеттік тілдегі құжат айналымы бойынша мәліметтерді және Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсыну жөнінде сауал жолдау.	ЕТҰ-ға хат	Тоқсан сайын	ҚҚБ
4.2.	ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты дайындау және уәкілетті органға ұсыну.	Ақпарат	Есепті жылдан кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей	ҚҚД, баспасөз қызметі, АРБД, ӘЖБ
4.3.	ҚМГ компаниялар тобы бойынша мемлекеттік тілдегі сыртқы және ішкі құжат айналымы бойынша шоғырландырылған мәліметті дайындау және уәкілетті органға ұсыну.	Мәлімет	Тоқсан сайын	ҚҚБ

Қысқартулар мен аббревиатуралар:

ҚМГ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

ЕТҰ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары

ӘЖБ – әкімшілік жұмыс басқармасы

ҚҚБ – құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы

ЦДД – цифрлық даму департаменті

АРБД – адами ресурстарды басқару департаменті.